



Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің
2020 жылғы «21» желтоқсан № 341
қаулысымен бекітілді

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ШАЛ АҚЫН АТЫНДАҒЫ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
РММ

20 20 ж. «28» тамыз

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 970340008281

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
1997 ж. «24» наурыз

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданының білім
бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ақан – Барак орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

Ақан - Барак ауылы

Ақан - Барақ ауылы
1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ақан –Барақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай мәтін бойынша – коммуналдық мемлекеттік мекемесі) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-құқықтық түріндегі білім беру қызметін іске асыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлігінің құрылтайшысы болып табылады.

Орналасқан жері: 153000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституция көшесі, 58.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің тиісті саласының уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) функцияларын жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Шал ақын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Орналасқан жері: 153000, Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы, Шайкин көшесі 33.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің толық атауы мемлекеттік тілде:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ақан –Барақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Ақан-Барацкая средняя школа» коммунального государственного учреждения «Отдел образования района Шал акына» коммунального государственного учреждения «Управления образования акимата Северо-Казахстанской области».

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 151300, Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Ақан Барақ ауылы, Центральная көшесі 19.

6 . Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы мен өкілі жоқ.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңды мәртебесі

7. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі таңбалы мөрі, мемлекеттік тілде өз атауымен бланктер мен штампы бар.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі басқа заңды тұлға ретінде ұйымдастырушы (қатысушы) және құрылтайшы бола алмайды.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметін жүргізу әрекетінің құқығы оған берілген сәйкес мемлекеттік лицензия негізінде басталады.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іс-рекетінің мақсаты мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған жалпы орта білім беру, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің мақсаты өскелең ұрпақ жас буынға ұлттық құндылықтар жалпы адамдар мәдениеті, әрбір оқушының жан-жақты жетілуіне максималды жақсартылған жағдай жасау, оларды өмір сүруге, еңбек етуге, әлеуметтік творчествоға, сол сияқты жүзеге асыруға, рухын көтеруді біріктіру жолдарымен тәлім тәрбие білім беру.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылады;

1) Оқушыларға жалпы білім беру, ғылыми – техникалық прогресске және осы заман талаптарына сай жауап беретін, оқушылардың нақты білім алуына және өз бетімен толықтырулар жасауға, өзін-өзі жетілдіру деңгейіне жеткізу.

2) Мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгерту.

3) Ұлттық құндылықтар жалпы адамдар мәдениеті негізінде, жеке бастың жетілуіне қажетті жағдайлар жасау бағытында сапалы білім алуына жағдай жасау.

4) Оқушылардың дене тәрбие мүмкіндік рухтарын, жеке бастарының жетілуіне, жағдайлар жасау жолдарымен жүргізу.

5) Азаматтыққа тәрбиелеу, жанұя алдында жеке бас міндеттері мен құқықтарын, халықпен, қоғам және мемлекет алдындағы міндеттері мен құқықтарын білу, сол сияқты, Қазақстан Республикасындағы мәдени, экономикалық және саяси, қоғам өміріне қатысу талаптарына тәрбиелеу.

6) Отаншылдыққа және азаматтыққа тәрбиелеу, Өз Отаны – Қазақстан Республикасын сүйюге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және халық дәстүрлерін қадірлеуге жағдай жасау.

7) Жеке бас тұлғаның творчестволық қабілеттілік мүмкіндіктерін дамытуға және эстетикалық-танымдық тәрбие беру.

8) Қазақстан республикасының және басқа да халықтарының дәстүрлерін, мәдениетін, тарихын үйренуіне жағдай жасау.

9) Оқу - тәрбие жұмыстарындағы алдыңғы қатарлы әдістері мен түрлерінің әзірлемелерін жасап оны меңгеру.

10) Педагогикалық кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

11) Мұғалімдер арасында ғылыми - әдістемелік жұмыстары негізінде тәрбие жұмысының жаңа түрлерін белсенді іздеу.

12) Өз жұмысының қорытындысына педагогикалық ұжымның жауапкершілігін арттыру.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметі болып табылады:

1) Жалпы білім беру мемлекеттік стандарттарына сәйкес орта білім мен мектепке дейінгі білімді ақысыз оқу мүмкіндіктері.

2) Қосымша білім алу мен өзіндік білім алуда білім алушылар қажеттілігін қанағаттандыру жолдарымен тұлғаны жан – жақты дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау.

3) Білім алушы тұлғаны жалпы мәдениетте қалыптастыру, оларды қоғамдық өмірге бейімдеу.

4) Кәсіби бағдарламаларды меңгеру мен таңдау үшін негіз жасау.

5) Отанды сүйу мен азаматтылыққа тәрбиелеу.

6) Коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының заңдарын, Типтік ережелерді, сонымен қатар нормативті құқықтық актілерді жетекшілікке алады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі міндетті түрде мектепке дейінгі дайындыққа бес жасынан бастап мектепке дейінгі дайындық сыныбына қабылдауын жүзеге асырады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етеді:

1) Мемлекеттік білім беру стандарт көлеміндегі білім беруді ақысыз өткізу.

2) Білім берудің мінездемесі.

3) Мектептің объективті білім алуға кедергі бөгет болатын, саяси және идеологиялық әсер ықпалдардан тәуелсіз болуы.

17. Қызмет түрлері, лицензиялауға жататын, коммуналдық мемлекеттік мекемесі алған лицензияға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары

18. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады:

1) Мектепке дейінгі оқу мен тәрбие.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары: балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді; әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс

негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

2) Бастауыш білім беру.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - төрт жыл.

3) Негізгі орта білім беру.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бағыт алды даярлығын қамтиды.

Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

4) Жалпы орта білім.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бағдарлық оқытуды енгізе отырып саралау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - екі жыл.

19. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жүзеге асыратын бағдарламалар:

- қоғамдық-гуманитарлық және жалпы – математикалық бағыт бойынша ғылымның әлемдік және ұлттық мәдени құрылысын қосымша тұлға ретінде жетілдіру;

- тұлғаның зияткерлік және рухани идеяларын жетілдіру;

- ғылымның әр түрлі саласында кәсіптік білім бағдарламасын меңгеру және өз бетімен таңдау, тұлғаның зияткерлік білімін кең қалыптастыру.

20. Жеке білім бағдарламасының мүмкіндігі мен қажеттілігін есептей отыра, мемлекеттік мекемеде келесі түрінде білім меңгеріледі: күндізгі, сырттай оқу, экстернатты.

Білім беру бағдарламасын игерудің барлық формалары үшін бірыңғай мемлекеттік білім стандарты пайдаланады.

5. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

21. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім үдерісі мемлекеттік және орыс тіліне сәйкес білімдік бағдарламалармен, өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының заңдарын, Типтік ережелерді, сонымен қатар нормативті құқықтық актілерді жетекшілікке алады.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік стандартқа сәйкес мемлекеттік тілді білуге және дамытуға, сонымен қатар шет тілдерді оқытуды жүзеге асырады.

23. Коммуналдық мемлекеттік мекеме екі ауысым бойынша қызмет атқарады. Жұмыс атқару тәртібі мектеп педагогикалық кеңесімен бекітіледі.

24. Білім беру ұйымдарындағы оқу және тәрбие процесі жұмыстық оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспарлары, мемлекеттік басқарма өкілеттігімен келісілген және директормен бекітілуі негізінде жүзеге асырылады.

25. Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу және тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Оқу және тәрбие жұмысы оқу-тәрбие жұмысының жоспары және сабақ кестесі мен үйірме және спорттық секцияларды жылдық бекіту арқылы жүзеге асырылады. Оқу сағатында оқу бағдарламасын, оқу және тәрбиелік жұмысты есепке алу Күнделік электронды журналы, есеп табелдерін жүргізу жолдарымен жүзеге асырылады.

26. Оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі тұлғасы сабақ болып есептеледі, оның ұзақтығы - 40 минут, оқу кезіндегі үзілістің уақыты мекеменің есебімен, оқушылардың және тәрбиеленушілердің ыстық тамақ ішіп, жақсы дем алуға үлгеру шамасында анықталады.

Ұйымның талаптарына балаларды бейімдеу процесін жеңілдету мақсатында 1-сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп өсіре отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимі қолданылуы тиіс: қыркүйекте - 3 сабақтан 35-минуттан; қазан айының бастап әр сабақ 40 минуттан.

Оқу сабақтарының кестесі сабақтар кезеңінің мөлшері негізінде бекітіліп анықталады

Оқу сабақ жұмысының ұзақтығы мектеп педагогикалық кеңесімен бекітіледі.

27. Тоқсанның мерзімі, каникулдың басталуы, оқу жылының аяқталуы Қазақстан Республикасы Министрлігінің нұсқауымен және білім органдары бұйрығының негізімен бекітіледі.

28. Оқушылардың білім беру оқу бағдарламаларын әзірлеуін бақылау мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекеме үлгерімнің мониторингін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары

үшін білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын жүргізудің үлгілік ережелеріне сәйкес бақылау жасайды.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу-тәрбие үрдісі жұмысында мектеп қызметкерлеріне және оқушыларға алғашқы дәрігерлік және медико-санитарлық көмек көрсетіледі.

30. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шағын орталық өз қызметін жүзеге асырады. Толық күндізгі мектепке дейінгі шағын орталық жылына 10 ай бойы аптасына 5 жұмыс күні жұмыс істейді.

31. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқытушыларға аралық және қорытынды аттестаттау өткізіледі.

32. Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен ұйымдардың негізгі және жоғарғы сатысындағы бітірушілеріне ұйымның мөрімен расталған білімнің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Жалпы негізгі және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеруде ерекше жетістіктерге қол жеткізген бітірушілерге үздік бітіргендігі туралы құжаттар беріледі.

Білім алуды аяқтамаған бітірушілерге нысанын білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы бекітетін белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі жергілікті атқарушы органның ұсынысы бойынша, бекітілген аумақ шегінде мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды дербес (аты-жөні бойынша) есепке алуды жүргізеді.

34. Қоғамдық бақылау, қайырымдылық көмекті бөлу, коммуналдық мемлекеттік мекеме жанындағы білім беру ұйымының қызметі бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу мақсатында Қамқоршылық кеңесі өз қызметін жүзеге асырады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

6. Қабылдау тізімі, оқушыларды бөлу және шығару, білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

35. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге ата-анасының жеке өтінішінің негізімен қабылданады.

36. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге барлық балалар қабылданады, осы аумақта тұратын, мекемеге бекітілген және сәйкес сатыда білім алуға құқылы мемлекеттік мекемеде білім алғысы келетіндердің барлығы.

37. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау мерзімі мектеп директорының бұйрығымен 31 тамызға дейін қабылданады. Әр оқушыға арнайы жеке іс қағазы және оқу үлгерім табелі толтырылады.

38. Бірінші сыныпқа оқуға балалар алты (жеті) жастан қабылданады. Мектепке дейінгі сыныптарға 5 жастан бастап балалар қабылданады.

39. Оныншы сыныпқа балаларды қабылдағанда ата – ана өтініші негізінде мектеп жарғысына сәйкес орта білім негізі туралы мемлекеттік құжат арқылы жүзеге асырылады.

40. КММ және ата-аналар арасындағы қарым-қатынас екі жақты келісім шарт арқылы жүзеге асырылады.

41. Білім беру ұйымының бұйрығы негізінде білім алушыларды мектепке қабылдау өткізіледі.

42. Өтінішті тіркеу, шағын орталыққа жолдама беру мен ресімдеу уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

43. Коммуналдық мемлекеттік мекемемен ата – аналар немесе олардың орнындағы адамдар арасындағы өзара қатынас бала шағын орталыққа қабылданған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың шағын орталыққа келу режимі, бір айдағы тамақтанудың жоспарлы құны және оның еселігі, қосымша білім беру , сауықтыру қызметтерінің тізбесі мен ұсыну тәртібі, қосымша ақылы қызметтер, ақы төлеу мөлшері және өзге де шарттар айқындалады.

44. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге білім алушыларды қабылдағанда ата – аналарға, оқушыларға (тұлғаларға, оларды ауыстыратындарға), жарғы мен басқа да құжаттар, білім үдерісі ұсынылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәмелетке толмаған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

45. Он алты жасқа дейінгі балаларды орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардан шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы ұйымдардың келісімімен қабылданады.

46. Оқушының коммуналдық мемлекеттік мекемеден кетуі мына жағдайларда жүзеге асырылады оқытудың басқа түрі немесе басқа оқу ғимаратында білім алушылар оқуын жалғастыру үшін ата – аналар, оларды ауыстыратын тұлғалар өтініші бойынша.

7. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

47. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге білім беру ұйымдары бюджет қаражаттары есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін ұсынылады.

48. Коммуналдық мемлекеттік мекемелесіне білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге.

8. Білім беру процесінің қатысушылары

49. Білім беру мекемесінің негізгі қатысушылары оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары болып саналады (тұлғалар, оларды ауыстыратындар).

50. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға.

2) Білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға.

3) Оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға.

4) Білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға.

5) Қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқудың бір нысанынан басқасына ауысуға.

6) Білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге.

7) Спорт, оқу, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға.

9) Өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге.

10) Өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне.

11) Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

51. Білім алушылар міндетті:

1) Жалпы білім беру стандартының міндеттеріне байланысты білім және практикалық дағдыларды меңгеру.

2) Ішкі тәртіп ережелерін сақтау, коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысында және екі жақты шартта көзделген талаптарды орындау.

3) Өз денсаулығын сақтау, рухани және физикалық жетілуіне тырмысу.

4) Педагогикалық қызметкерлердің абыройын, коммуналдық мемлекеттік мекеменің дәстүрін құрметтеу.

5) Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлігін сақтау.

6) Орта білім беру ұйымдарында қабылданған мектеп киімдерінің формасын сақтау.

Ер балаларға арналған мектеп формасына мыналар кіреді:

куртка, жилет, шалбар, көйлек көйлек, күнделікті көйлек (қыс: тоқылған жилет, тасбақа). Ер балаларға арналған шалбар, ұзындығы аяқтың тобықтарын жауып тұрады

Қыздарға арналған мектеп формасына мыналар кіреді:

куртка, жилет, юбка, шалбар, классикалық кофточка (қыс: тоқылған жилет, сарафан, водолазка). Еркін кесілген қыздарға арналған шалбар және ұзындығы аяқтың тобықтарын жауып тұрады.

Ер балаларға арналған көйлек формасы ақ көйлекпен толықтырылған кездейсоқ формадан, қыздарға - ақ кофточкадан тұрады.

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық киімдерге мыналар кіреді: спорт костюмі (спорт шалбар, футболка), спорттық аяқ киімдер (кроссовкалар, спорттық аяқ киім).

Мектеп формасына негізгі түске сәйкес келетін немесе мектеп формасынан айырмашылығы бар классикалық галстук жатады.

Әр түрлі конфессиялардағы діни бағыттағы киім-кешектерді мектеп формасына енгізуге жол берілмейді.

52. Мектепте оқушылар өзіне-өзі қызмет көрсетуге және жастарына, жыныстарына, балалардың қара күшіне негізделген мүмкіндіктеріне сай, қоғамды пайдалы еңбектің басқа түрлеріне, гигиеналық талаптарға нормаларға және олардың денсаулықтарын сақтауына негізделеді.

Оқушылардың еңбектегі санитарлы-гигиеналық нормаларын және техникалық сақтығы мектеп әкімшілігіне, медицина жұмысшыларына және мұғалімдерге жүктеледі.

53. Оқушыларға арналған тәртіптерді, мектеп жарғысын бұзғаны үшін оларға тәртіптік жаза қолданылады.

54. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) Баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға.

2) Ата-аналар комитеттері, Қамқоршылық кеңестері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысу.

3) Білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне (Күнделік электронды журналы арқылы), мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға.

4) Өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға.

55. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге.

2) Балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге.

3) Білім беру ұйымының жарғысында, екі жақты шартта белгіленген ережелерді орындау.

4) Балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті.

5) Мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу.

56. Білім беру ұйымдарында сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуға

және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын, арнайы педагогикалық мамандығы адамдар педагог қызметкерлерге жатады.

57. Педагог қызметкердің:

1) Кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға.

2) Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге.

3) Жеке педагогтік қызметке.

4) Тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға.

5) Білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға.

6) Бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға.

7) Санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға.

8) Педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге.

9) Өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына.

10) Әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдырылуына.

11) Ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік стажы сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға.

12) Білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға құқығы бар.

58. Педагог қызметкер:

1) Өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге.

2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге.

3) Білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге.

4) Білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға.

5) Өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға.

6) Аттестаттаудан өтуге.

7) Педагогтік әдеп нормаларын сақтауға.

8) Жыл сайынғы медициналық тексеруден өту.

9) Оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

10) Классикалық пішіндегі киім үлгісін сақтануға. Киімге түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

59. Міндеттері мен педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

60. Педагогикалық жұмысшыларға мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен педагогикалық негізгі міндеттеріне қосымша сынып жетекшілігі, кабинет меңгерушісі, және кезекшілік ұйымдастыру жұмыс беріледі.

9. Директордың өкілеттігі

61. Коммуналдық мемлекеттік мекемесін тікелей басқаруды оның директоры жүзеге асырады.

62. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымға конкурстық негізде тағайындалады.

63. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорына өздерінің лауазымдарын білім беру ұйымдары ішіндегі немесе одан тыс жерлердегі басқа да басшылық (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) лауазымдармен қоса атқаруға тыйым салынады.

64. Директор:

1) Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады.

2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен, Қамқоршылық кеңес ұйымымен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады.

3) Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді.

4) Балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді.

5) Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді.

6) Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді.

7) Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді.

8) Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді.

9) Білім беру құқығы лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді.

10) Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүліктік, баспаналық, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдай отырып, оларға жағдай жасайды.

11) Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды асырап бағу үшін белгіленген мөлшерден кем емес жағдаймен қамтамасыз етеді.

12) Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды.

13) Оқушыларды қорғау және олардың денсаулығын нығайту мақсатында тамақтану және медициналық қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырады және оған бақылау жүргізеді.

14) Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

15) Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

16) Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.

17) Педагогикалық кеңесті басқарады.

18) Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауды жүргізеді.

19) Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің аясында жаза белгілейді.

20) Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушылармен) байланысты жүзеге асырады.

21) Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымын танытады, қажетті есеп құжаттарын дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

65. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының лауазымдық міндеттерін қоса атқаруға болмайды.

66. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры мен қызметкерлер арасындағы құқығы мен еңбек келісімі мектепшілік ережелердің тізімімен анықталады, кәсіподақ комитетімен келісім бойынша коммуналдық мемлекеттік мекеме директорымен бекітілген, коммуналдық мемлекеттік мекеме директорымен және қызметкерлермен жұмыс арасы еңбек келісімшартымен анықталады.

67. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің коллегиялық басқаруы педагогикалық кеңеспен жүзеге асырылып, мектеп педагогикалық кеңесінің ережелерімен анықталатын іс-әрекеті.

68. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жалпы ата-аналар комитеті құрылады, оның іс-әрекеті ата-аналар комитетінің ережесімен анықталады.

69. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мекемеде сыбайлас жемқорлық қылмысының және құқық бұзушылықтың пайда болуына қарсы әрекет бойынша қадағалауды қамтамасыз етеді және жұмысты ұйымдастырады.

70. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры ер адамдар мен әйелдердің тең құқығы мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы заңнаманың орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

71. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі аудандық коммуналдық меншікке жататын оқшауланған мүлікті жедел басқаруға құқығы бар.

Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған мемлекеттен берілетін мүлік есебінен және негізгі қорлардан және айналым қаражаты негізінен құрылатын, сондай-ақ коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгерімінде көрсетілетін басқа да мүліктерден қалыптастырылады;

72. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе басқа да тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңмен белгіленген және шегіне жеткен жағдайда ғана мүлікке билік жүргізуге құқығы болуы мүмкін.

73. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

74. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен сәйкес саланың уәкілетті органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

75. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастары да Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі

76. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің материалды және қаржыландыру базасы

77. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнама әрекетіне сәйкес есеп жүргізеді және қаржыландыру - шаруашылық қызметінде есеп береді. Заңнамада қаралған жағдайларда құрылтайшы құқық үшін қаржыландыру- шаруашылық қызметінде тәуелсіз емес аудиторлар тексереді.

78. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемесі қаржыландыру жергілікті бюджет пен республикалық бюджет қаражаты, материалдық ұйым жарналары, кәсіпорын, азаматтар мен демеушілер есебінен жүзеге асады.

79. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің еңбек ақылары бөлінген қаражат аттестаттау комиссия шешіміне сәйкес есептелінеді.

80. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жоғарғы білім органдарына нәтижесі бойынша есеп береді.

81. Ұйымдастырушы коммуналдық мемлекеттік мекемемен берілген мүлікті сақтау мен тиімді пайдалану бақылауын жүзеге асырады.

13. Жауапкершілік

82. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оперативті басқару құрамындағы мүлікке сөгіс, заңға сай, жалпы тәртіппен қаралады.

83. Ұйымдастырушымен берілген мүлікке оперативті басқармасында жатқан сөгістерге, шаруашылық қызметтерінен алынған, осы кіріс есептерімен алынған мүліктерге, кірістерге сөгіс берілгеннен кейін жүргізіледі.

84. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекет және ата-аналар алдында, оқушылардың сапалы білім алуына, сақтығына, оқушылардың оқу-білім алуына санитарлық гигиеналық нормалар жағдайларына жауап береді.

85. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім мен тәлім-тәрбие беруде, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты қамтамасыз етеді.

86. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі жеке меншік құқықтарының басқа тұлғаға ауысқанда, мемлекеттік мекеме өз иелігіндегі мүлікке оперативті басқару құқығын қалдырады.

14. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

87. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

88. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

13.1. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.

13.2. Коммуналдық мемлекеттік мекеме таратылған кезде қалған мүлік құрылтайшының шешімі бойынша басқа білім беру мекемесіне берілуі мүмкін.

13.3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бұл туралы бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне жазба енгізілгеннен кейін қызметін тоқтатады.

Утвержден
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от «21» декабря 2020 года
№ 341

УСТАВ

**Коммунального государственного учреждения
«Акан-Баракская средняя школа» коммунального государственного
учреждения «Отдел образования района Шал акына»
коммунального государственного учреждения «Управления образования
акимата Северо-Казахстанской области»**

село Акан-Барак

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Акан-Баракская средняя школа» коммунального государственного учреждения «Отдел образования района Шал акына» коммунального государственного учреждения «Управления образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее по тексту – коммунальное государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной для осуществления образовательных функций в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Учредителем коммунального государственного учреждения является акимат Северо-Казахстанской области.

Место нахождения: 151000 Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Конституции Казахстана 58.

4. Уполномоченным органом соответствующей отрасли коммунального государственного учреждения, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции уполномоченного органа по государственному имуществу (далее – уполномоченный орган), является коммунальное государственное учреждение «Отдел образования акимата района Шал акына Северо-Казахстанской области».

Место нахождения коммунального государственного учреждения: 151000 Северо-Казахстанская область, район Шал акына, город Сергеевка, улица Шайкина 33.

5. Полное наименование коммунального государственного учреждения на государственном языке:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал акын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ақан –Барак орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Акан-Баракская средняя школа» коммунального государственного учреждения «Отдел образования района Шал акына» коммунального государственного учреждения «Управления образования акимата Северо-Казахстанской области».

Место нахождения: 151000 Северо-Казахстанская область, район Шал акына, с. Акан-Барак, улица Центральная 19.

6. Коммунальное государственное учреждение филиалов и представительств не имеет.

2. Юридический статус коммунального государственного учреждения

7. Коммунальное государственное учреждение приобретает право юридического лица с момента его государственной регистрации.

8. Коммунальное государственное учреждение имеет гербовую печать, бланки и штампы со своим наименованием на государственном языке.

9. Коммунальное государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

10. Право на образовательную деятельность возникает у коммунального государственного учреждения с момента выдачи ему соответствующей государственной лицензии.

3. Цель, задачи, функции и предмет деятельности коммунального государственного учреждения

